

**"2013 - 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1520 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 қарашадағы № 1261 қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1520 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 42-қосымшада:

2013 жылға арналған мемлекеттік тапсырмалардың тізбесінде:  
реттік нөмірі 70-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

70.	Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу	Мемлекеттік мерекелерді мерекелеуге арналған мерекелік іс-шараларды және салтанатты концерттерді өткізу; Қазақстан халқы Ассамблеясына арналған салтанатты концертті өткізу; Мемлекет басшысының шетел делегацияларымен ресми кездесулері шеңберінде концерттік іс-шараларды өткізу; Қазақстанда және шетелде мәдениет күндерін өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	«Қазақ әуенде рі» АҚ	0 0 8 Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шараларды өткізу	646 967
-----	---	--	--	----------------------	--	---------

».

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*